

Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 09 желтоқсандағы N 1422 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 12 қаңтарда N 5-9-160 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы N 1151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Глубокое аудандық әкімдігінің 30.06.2014 N 1151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 -бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое аудандық ә к і м д і к

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі анықталсын (әрі қарай - Т і з б е) .

2. Тізбе Глубокое аудандық мәслихатына келісуге ұсынылсын.

3. «Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» Глубокое аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 855 қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылы 24 сәуірде № 5-9-82 болып тіркелген, аудандық «Огни Прииртышья» газетінің 2008 жылғы 09 мамырдағы № 19 санында жарияланған), «Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 855 қаулыға өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 27 қазандағы № 835 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде 2010 жылы 2 желтоқсанда № 5-9-139 болып тіркелген, аудандық «Огни Прииртышья» газетінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 61 санында жарияланған) қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары Р.Т. Серікбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Глубокое ауданының әкімі</i>		<i>В. Кошелев</i>	
Г л у б о к о е	а у д а н д ы қ	ә к і м д і г і н і н	
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	0 9	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№	1 4 2 2	қ а у л ы с ы н а	
1 қосымша			

«Глубокое ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мемлекеттік мекеменің басшысы және басшының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі басшының орынбасарын қоспағанда) және қазыналық кәсіпорынның, орталықтың, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның, лагер бастығы, соның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана, кабинет, әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2. Педагогикалық жұмысшылар және оларға теңестірілгендер: барлық мамандықтағы мұғалімдер, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, шебер, мұғалім, әдіскер, көркемдік жетекші, музыка жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, педагог-психолог, логопед мұғалім, алғашқы әскери дайындық мұғалімі–ұйымдастырушы, концертмейстер, аккомпаниатор, зертханашы (физика, химия, биология, информатика кабинеттері), дефектолог– мұғалім, дене шынықтыру жөніндегі н ұ с қ а у ш ы с ы .

3. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: кітапханашы, тәлімгер, хореограф, мейірбике.

<i>«Г л у б о к о е</i>	<i>б і л і м</i>	<i>б е р у</i>
<i>б ө л і м і»</i>	<i>м е м л е к е т т і к</i>	
<i>мекемесі бастығының м.а.</i>	<i>С.Н. Қабдықалықова</i>	

Глубокое аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 09 желтоқсандағы
№ 1422 қаулысына
2 қосымша

**«Глубокое ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің
ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын
көтеру белгіленген мәдениет мамандары лауазымдарының
тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеменің және мәдениет қазыналық кәсіпорынының
басшысы, мәдениет үйінің директоры (меңгерушісі).

2. Мамандар (бас, аға), оның ішінде: әдіскер, үйірмелердің жетекшісі,
музыкалық жетекші, көркемдік жетекші, аккомпаниатор, хореограф, мәдени
ұйымдастырушы, суретші, мұражай қорларын сақтаушы, кітапханашы,
библиограф, қорлар мен каталогтардың редакторы.

*«Глубокое ауданының мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Кенчимбаев*

Глубокое аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 09 желтоқсандағы
№ 1422 қаулысына
3 қосымша

**«Глубокое ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы
үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік
қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының
тізбесі**

1. Үйге барып әлеуметтік көмек көрсететін бөлімнің меңгерушісі.
2. Арнайы әлеуметтік қызметтегі қажеттілігін анықтау және бағалау
жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.
3. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
4. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.
5. Күтім жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.

«Г л у б о к о е а у д а н ы н ы ң
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р
б ө л і м і » м е м л е к е т т і к
мекемесінің бастығы С. Дударева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК